

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1996 жылғы 3 шілдедегі N 18-І

Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы N 2155 Z952155_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 23-құжат, N 12, 88-құжат, N 15-16, 100-құжат, N 23, 141-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат):

56-баптың н) тармақшасында "құндылықтар" деген сөзден кейін "бағалы металдардан өзге" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Бағалы металдар мен асыл тастарға байланысты қатынастарды мемлекеттік реттеу туралы" 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2372 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 14, 90-құжат):
1) 1 - бапта:

бірінші абзацта "деңгейінен" деген сөз "кезеңінен" деген сөзбен ауыстырылсын;
төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"асыл тастар" - табиғи алмас, зүбәржат, лағыл, сапфир және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша шикізат және ұқсатылған күйінде басқа асыл тастар";

алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он үшінші абзацтар алынып тасталсын;

он төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"уәкілдік берілген банктер" - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген лицензияға сәйкес тазартылған бағалы металдармен бастапқы саудаластыққа қатысуға және операция жүргізуге құқығы бар банктер";

он бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"уәкілдік берілген орган" - бағалы металдармен, асыл тастармен және зергерлік бұйымдармен қызметті жүзеге асыруға байланысты қатынастарды реттеу саласындағы өкілеттікті Қазақстан Республикасының заңдары негізінде жүзеге асыратын мемлекеттік орган";

2) 2-бапта:

1-тармақта "1" деген цифр алынып тасталсын және "операцияларды" деген сөз "қызмет түрлерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ алынып тасталсын;

3) 3-бап және атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-бап. Бағалы металдармен, асыл тастармен және зергерлік бұйымдармен қызмет түрлерін лицензиялау

Қазақстан Республикасының аумағында мынадай қызмет түрлері лицензиялауға жатады:

1) бағалы металдар мен асыл тастарға байланысты:

барлау;

өндіру;

ұқсату;

құрамында бағалы металдар мен асыл тастар бар қайталама ресурстарды және қалдықтарды дайындау мен ұқсату;

2) тазартылған бағалы металдарға байланысты:

сақтау;

меншік құқығының ауысуы жөніндегі операциялар:

а) сатып алу-сату;

б) банк операциялары;

3) зергерлік бұйымдарға байланысты:

әзірлеу";

4) 4-бап және атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Бағалы металдармен, асыл тастармен және зергерлік бұйымдармен қызметті бақылау

Қазақстан Республикасының аумағында осы Жарлықтың 3-бабында көрсетілген бағалы металдармен, асыл тастармен және зергерлік бұйымдармен қызмет түрлерін жүзеге асыратын мемлекеттік бақылау жүйесі жұмыс істейді, оны уәкілдік берілген о р г а н д а р жү р г і з е д і " ;

5) 5 - б а п т а :

1-тармақта "1" деген цифр алынып тасталсын және "операцияларды" деген сөз "қызмет түрлерін" деген сөздермен ауыстырылсын, сондай-ақ "статистикалық есеп" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген есеп" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

6) 6 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы жаңа абзацпен толықтырылсын:

"Бастапқы саудаластыққа шығарылған, бірақ сатылмай қалған тазартылған бағалы

металдар уәкілдік берілген орган растаған көлемде ішкі және сыртқы рыноктарда с а т ы л а д ы " ;

2-тармақта "Қазақстан Республикасының резиденті еместер" деген сөздерден кейін "Ұлттық және уәкілдік берілген банктер арқылы" деген сөздермен толықтырылсын.

7) 7 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

1. "Бастапқы саудаластықта өткізілген тазартылған бағалы металдармен, сондай-ақ шет мемлекеттердің аумағында шығарылған шикізаттан өндіріліп тазартылған бағалы металдармен жасалатын мәмілелерді заңды және жеке тұлғалар мұндай мәмілелердің нәтижелерін уәкілдік берілген банктердің металл есеп шоттарында көрсету арқылы ішкі және сыртқы рыноктарда жүзеге асырады";

8) 8 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының аумағында сатып алынған тазартылған бағалы металдарды с а қ т а у д ы :

заңды тұлғалар - Мемқоймада не Ұлттық және уәкілдік берілген банктер қ о й м а л а р ы н д а ;

жеке тұлғалар уәкілдік берілген банктерде жүзеге асырады";

3-тармақта "лицензиялық" деген сөз "лицензияланатын" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

9) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі тазартылған бағалы металдармен операцияларды Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылығы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы ішкі және сыртқы рыноктарда ж ү з е г е а с ы р а д ы " .

10) 10-бап және атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Асыл тастармен жасалатын қызмет түрлері мен операцияларды реттеу Асыл тастармен жасалатын қызмет түрлері мен операцияларды реттеу қолданылып жүрген заңдарға және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін Ережелерге с ә й к е с ж ү р г і з і л е д і " ;

11) 11-баптың 1-тармағында "металдар" деген сөзден кейін "соның ішінде көтерме алтын" деген сөздермен толықтырылсын;

12) 13-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының аумағында өндіріліп, шикізаттан шығарылған тазартылған бағалы металдарды әкетуге мынадай жағдайларда рұқсат беріледі:

1) уәкілдік берілген органмен Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен тазартылған бағалы металдарды өндіру көзделген келісім-шарт жасасқан шетелдік инвесторға не шетел қатысқан заңды тұлғаға;

2) бастапқы саудаластықтан өткен тазартылған бағалы металдарды сатып алған

заңды тұлғаға не жеке-дара кәсіпкерге;

3) тазартылған бағалы металдарды сату үшін бастапқы саудаластыққа шығарған және оларды уәкілдік берілген орган растаған көлемде өткізе алмаған заңды тұлғаға.

2. Шетел мемлекеттерінің аумағында өндіріліп, шикізаттан шығарылған тазартылған бағалы металды Қазақстан Республикасы аумағынан әкету Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және құрамында бағалы металдар бар шикізатты оның аумағынан тыс жерде тазарту үшін әкетуге болады. Тазартылып алынған бағалы металдар бастапқы саудаластықта өткізуге жатады";

13) 15-бапта "кеден заңдарында белгіленген тәртіппен бағалы металдармен және асыл тастармен операциялар жүргізуге лицензиясы бар" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 16-бапта "бағалы металдармен, асыл тастармен және зергерлік бұйымдармен операцияларды" деген сөздер "осы Жарлықтың 3-бабында аталған қызмет түрлерімен" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті